

**Қазақстан Республикасында 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан
соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын мерекелеуге дайындық
және оны өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
2019 жылғы 17 қазандағы № 193-ө өкімі

Қазақстан Республикасында 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын мерекелеуге дайындықты және оны өткізуді қамтамасыз ету мақсатында:

1. Осы өкімге қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасында 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізуді ұйымдастыру жөніндегі ведомствоаралық комиссия құрылсын.
2. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері Қазақстан Республикасында 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізуді ұйымдастыру жөніндегі өңірлік комиссияларды құрсын.
3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі 1941 – 1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75 жылдығын мерекелеуге дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасын 2019 жылғы 1 қарашаға дейінгі мерзімде белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.
4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.М. Сапарбаевқа жүктелсін.